

**«Kazakh Tourism» ҰК» АҚ**  
**Қоғамдық кеңестің отырысының**  
**ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы

№ 4

2024 жылдың «31» қазан

«Kazakh Tourism» ҰК» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/14 үй.

Қоғамның Қоғамдық кеңесінің (бұдан әрі – Қоғамдық кеңес) отырысы ZOOM конференцбайланысы арқылы өткізіледі, сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/86495245356?pwd=I0RB2UBw50VckUsa19RdMt92GabLN7.1>.

**Отырысқа қатысқандар:**

Қоғамның Қоғамдық кеңесі келесі құрамда:

- коммерциялық емес ұйымдар мен азаматтардың өкілдері:

- 1) Абдрахманқызы Саида
- 2) Берден Інжумаржан Мысырғалиқызы
- 3) Бисембина Динара Аскаровна
- 4) Боровая Наталья Алексеевна
- 5) Калкабаев Азамат Муратбекович
- 6) Курумбаев Айбулат Шамуратович
- 7) Нуркебаева Асель Болатовна
- 8) Нұрлыбаев Нұркен Аргинқазыұлы
- 9) Оспанова Гульден Джетысовна
- 10) Салимова Вагида Вилиновна
- 11) Сапакова Динара Борисовна
- 12) Тикенов Еркін Амангельдинович

Қоғамдық кеңесінің хатшысы: Бакаева Ш.М.

Отырысты өткізу үшін кворум сақталған.

**Күн тәртібі:**

1. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ-ның даму жоспарын іске асыруды қоғамдық мониторингтен өткізу.

2. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңес мүшелерінің этикалық нормалары жобасын тыңдау және талқылау.

3. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің 2024 жылдың екінші жартыжылдығына арналған жұмыс жоспарының жаңа редакциясын талқылау және бекіту.

**Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ-ның даму жоспарын іске асыруды қоғамдық мониторингтен өткізу»** Басқарма Төрағасының қызметі бойынша Бас менеджері Баржаксынов

Олжас Зейнуллович баяндама жасады. Ол Қоғамның қолданыстағы даму жоспарын және оған ұсынылған өзгерістер мен толықтыруларымен таныстырды.

Тыңдау қорытындысы бойынша Қоғамдық кеңес мүшелері келесі сұрақтарды қойды:

1) Неге берілген ақпарат статистикалық деректердің нақты мәліметтерімен сәйкес келмейді?

2) Аймақтар бойынша өсімнің динамикасы бар ма?

3) Қазақстан бойынша барлық аймақтардың статистикасын бере аласыз ба? Қай аймақтар көшбасшы, қайсысы артта қалып тұр?

4) Шетелдік және ішкі инвестициялардың келмеуі бойынша нақты проблемалық мәселелер анықталды ма? Себебі бұл саладағы қызметті реттейтін ережелер мен толық нұсқаулардың жетіспеушілігі байқалады.

5) «Соңғы миля» ретінде анықталған орындардың тізімі бар ма? Оларға болжамдар жасалған ба? Себебі қаржы жұмсалғанымен, нәтижесі көрінбейді деген күмән бар.

6) Субсидияларды пайдаланған кәсіпкерлер саны туралы ақпарат бар ма?

7) Мемлекеттік қолдау, субсидиялау шараларының шарттарын қайта қарастыру жоспарда бар ма?

8) Қоғамның даму жоспары жобасына өзгерістер енгізу мүмкіндігі бар ма?

Баржаксынов О.З. сұрақтарға тиісті жауаптар берді және Қоғамның мекенжайына Қоғамдық кеңестің жазбаша ұсыныстары мен ұсынымдарын жіберуді ұсынды. Бұл ұсыныстар, егер мүмкін болса, жүзеге асырылып, не болмаса тиісті мемлекеттік органдарға жолданады.

Сонымен қатар, Қоғамдық кеңес мүшелері статистикалық деректер алынатын дереккөздер мен сілтемелерді сұрады және даму жоспары жобасына өзгерістер енгізу бойынша ауызша ұсынымдар берді. Туристік саланы дамыту бойынша түрлі пікірлер де айтылды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселені қарау қорытындысы бойынша, Қоғамдық кеңес мүшелері Қоғамның даму жоспары жобасын ескеріп, туристік саланы дамыту бойынша жазбаша ұсынымдар әзірлеу және оларды қарау үшін Қоғамға жолдау туралы шешім қабылдады.

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша дауыс беру қорытындысы:**

«Қолдағандар» - 12

«Қарсы» - дауыстар жоқ

«Қалыс қалғандар» - дауыс жоқ

Көпшілік дауыспен ашық дауыс беру нәтижелері бойынша Қоғамдық кеңес **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ-ның даму жоспары жобасын ескеруге алу.

2. Туристік саланы дамыту бойынша жазбаша ұсынымдар әзірлеу және оларды әрі қарай «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ құзыретіне қарай қарастыру үшін жолдау.

**Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңес мүшелерінің этикалық нормалары жобасын тыңдау және талқылау»,** Қоғамдық кеңес мүшелері мұндай құжатты бекітудің қажеті жоқ деп шешті, себебі Қазақстан Республикасының заңнамасында Қоғамдық кеңес мүшелерінің құқықтары мен міндеттері көрсетілген, сонымен қатар квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ақпараттарына қолжетімділік нормалары реттелген.

Осыған байланысты, Қоғамдық кеңес мүшелерінен «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңес мүшелерінің этикалық нормаларын бекітпеу немесе осы құжатты бекітуді кейінге қалдыру туралы ұсыныстар түсті. Талқылау нәтижесінде мәселе Қоғамдық кеңес мүшелерінің дауыс беруіне шығарылды.

Осыған байланысты мәселе Қоғамдық кеңес мүшелерінің дауыс беруіне шығарылды.

**Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша дауыс беру қорытындысы:**

«Қолдағандар» - 12

«Қарсы» - дауыстар жоқ

«Қалыс қалғандар» - дауыс жоқ

Көпшілік дауыспен ашық дауыс беру нәтижелері бойынша Қоғамдық кеңес **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңес мүшелерінің этикалық нормаларын бекітуден бас тарту.

**Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің 2024 жылдың екінші жартыжылдығына арналған жұмыс жоспарының жаңа редакциясын талқылау және бекіту»,** Қоғамдық кеңес мүшелері Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің бар-жоғына байланысты жобаның кейбір тармақтарын ескеру үшін ұйымның құрылымдық құрамы туралы ақпарат беру туралы ұсыныстар айтты. Сонымен қатар, келесі тақырыптар бойынша дөңгелек үстел өткізу туралы ұсыныстар айтылды: маркетингтік көрмелер өткізу, Қоғамның негізгі КРІ, мемлекеттік қолдау шаралары.

Осыған байланысты мәселе Қоғамдық кеңес мүшелерінің дауыс беруіне шығарылды.

**Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша дауыс беру қорытындысы:**

«Қолдағандар» - 12

«Қарсы» - дауыстар жоқ

**«Қалыс қалғандар» - дауыс жоқ**

Көпшілік дауыспен ашық дауыс беру нәтижелері бойынша Қоғамдық кеңес **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің 2024 жылдың екінші жартыжылдығына арналған жұмыс жоспары жобасына «Маркетингтік көрмелерді ұйымдастыру», «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ негізгі КРІ», «Мемлекеттік қолдау шаралары» тақырыптарында дөңгелек үстел өткізуді енгізуді ұсыну және «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің 2024 жылдың екінші жартыжылдығына арналған жұмыс жоспарын жаңа редакцияда бекітуді «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ ұйымдық құрылымын және ұсынылған тақырыптар бойынша дөңгелек үстел өткізу мүмкіндігі бойынша ақпаратты алғанға дейін кейінге қалдыру.

Қоғамдық кеңестің отырысында шығарылған күн тәртібіндегі мәселелерден басқа, Қоғамдық кеңес мүшелері туристік салада біліктілік талаптарын әзірлеу қажеттілігі бойынша жазбаша ұсынымдар әзірлеу, туристік салада өңірлердің басшыларын тағайындаудың конкурстық рәсімдеріне қатысу және осы ұсыныстарды тиісті мемлекеттік және өзге де органдарға жіберу мәселелерін талқылады. Бұдан басқа, Қоғамдық кеңестің барлық мүшелерінің өткізілетін отырыстарға қатысуы жөнінде ұсынымдар берілді, өйткені «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы 2-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қоғамдық кеңестің мүшесі Қоғамдық кеңестің отырысына дәлелсіз себептермен үш реттен артық қатыспаған жағдайда, Қоғамдық кеңестің шешімімен оның құрамынан мерзімінен бұрын шығарылуы мүмкін бір жыл ішінде.

Отырыстарға әрдайым қатыса бермейтін, оның ішінде Қоғам атынан қоғамдық кеңесте тұратын адамдар болғандықтан, Қоғамдық кеңестің мүшелері Қоғамдық кеңестің жалпы чатында алдын-ала ескертетін дәлелді себептерді қоспағанда, Қоғамдық кеңестің барлық құрамына отырыстарға қатысу қажеттілігі туралы ескертуді ұсынды.

**Күн тәртібінен тыс мәселелер бойынша дауыс беру қорытындылары:**

**«Қолдағандар» - 12**

**«Қарсы» - дауыстар жоқ**

**«Қалыс қалғандар» - дауыс жоқ**

Көпшілік дауыспен ашық дауыс беру нәтижелері бойынша Қоғамдық кеңес **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Туристік салада біліктілік талаптарын әзірлеу, туристік саладағы өңірлердің басшыларын тағайындаудың конкурстық рәсімдеріне қатысу қажеттілігі бойынша жазбаша ұсынымдар әзірлеу және осы ұсынымдарды тиісті мемлекеттік және өзге де органдарға жіберу.

2. Қоғамдық кеңес мүшелері Қоғамдық кеңестің жалпы чатында алдын ала хабардар ететін дәлелді себептердің болуын қоспағанда,

отырыстарға қатысу қажеттілігі туралы Қоғамдық кеңестің барлық құрамын ескерту.

Қоғамдық кеңес отырысының күн тәртібіне қойылған барлық мәселелер қаралды. Олар бойынша осы Хаттамаға қол қойылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қоғамның ресми интернет-ресурсында жарияланатын шешімдер қабылданды.

**Қоғамдық кеңесінің  
Төрағасы**



**Г. Оспанова**

**Қоғамдық кеңесінің  
Хатшысы**



**Ш. Бакаева**